

«№268 мектеп-лицейі» КММ

№7 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу қорытындысы

Күні: 14.06.2024 ж

Қатысқандар: 105

Күн тәртібінде:

1. 5-8,10 сынып оқушыларын сыныптан-сыныпқа көшіру,
2. Негізгі орта білім туралы аттестат пен жалпы орта білім туралы аттестат табыстау және мектеп есебінен шығару туралы
3. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу қорытындысы

1.Тыңдалды:

Сөйледі: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Қалжанова: Негізгі орта білім туралы аттестат пен жалпы орта білім туралы аттестат табыстау және мектеп есебінен шығару туралы 2024 жылғы 14 маусымдағы №78 бұйрықпен таныстырып өтті.

5-8 (9), 10 (11) сыныптардың 618 білім алушысы қазақ тілі пәнінен 2024 жылдың 27-31 мамыр аралығында аралық емтиханды өз дәрежесінде өткізді. 5-11 сыныптар бойынша жыл бойында үздік оқыған 173 оқушы мақтау қағазымен марапатталды. Аралық емтиханның қорытындысы бойынша 5-8 (9), 10 (11) сыныптардың 618 білім алушысы келесі сыныпқа көшірілді.

9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамыр – 10 маусым; 11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамыр – 11 маусым аралығында болып өтті. Емтихан өз дәрежесінде өткізілді. Жалпы 146 білім алушы қорытынды мемлекеттік емтихан тапсырды.

2023-2024 оқу жылында 11 сыныпты бітіруші 43 оқушы (ЖОБ), оның ішінде 1 оқушыға жалпы орта білім туралы үздік аттестат, 4 оқушыға жалпы орта білім туралы аттестат "АЛТЫН БЕЛГІ" беріледі. Олар:

Үздік аттестат – Медетбек Нұрлыбек Амантайұлы;

Алтын белгі - Шорабек Нұрдәулет Бақтыбайұлы, Әбілхай Жібек Кәдірбайқызы, Ғабитқызы Нұрай, Дайрабаев Ислам Мұхтарұлы Абибуллаева қорытынды мемлекеттік емтиханнан «өте жақсы» деген баға алып, «Алтын белгі» иегерлері атанды.

9 сыныпты бітіруші 103 оқушыға негізгі орта білім туралы аттестат, 10 оқушыға негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» тапсырылатындығын мәлімдеді. Олар:

р/с	Үміткердің аты-жөні (жеке куәлігі бойынша)	сынып	сынып жетекшісі
1	Абат Лашын Тимурқызы	9 "Ә"	Үсенбекова А
2	Берікболова Ақзер Серікқызы	9 "Ә"	Үсенбекова А
3	Ибадулла Алижан Бауржанұлы	9 "Ә"	Үсенбекова А
4	Несіпбаева Қымбат Рахатқызы	9 "Ә"	Үсенбекова А

5	Сәдір Сырым Сәбитұлы	9 "Б"	Дүзелхан Ш
6	Темір Еңлік Қайратқызы	9 "Б"	Дүзелхан Ш
7	Болатова Аяулым Қайратқызы	9 "В"	Қарымсақова Г
8	Жарымбетов Кенесары Азаматұлы	9 "В"	Қарымсақова Г
9	Олжаева Кенжекей Жеңісқызы	9 "В"	Қарымсақова Г
10	Жағыпар Замира Тимурқызы	9 "В"	Қарымсақова Г

2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты 9 -сыныптың 103 оқушысына негізгі орта білім туралы аттестат және 10 оқушысына негізгі орта білім туралы үздік аттестат, 11 сыныптың 38 бітірушісіне орта білім туралы аттестат, 1 оқушыға жалпы орта білім туралы үздік аттестат, 4 бітірушіге жалпы орта білім туралы аттестат «Алтын белгі» табысталатындығын, барлығы 146 мектеп бітіруші мектеп есебінен алынып, алфавиттік кітіптан шығарылатынын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры М.Абиляев: ҚР Оқу-Ағарту Министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасы Е.Дауреновтың 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №36 бұйрығымен таныстырып өтті. «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы басшылыққа алынып, 2024 жылы 20 наурыз айында білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау туралы №39 бұйрық шығарылып, іс-шара жоспары жасалынды. (материалдар қоса тіркелді)

Білім беру қызметін өзін - езі бағалауды (будан рі-өзін-өзі бағалау)жүргізу кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып табылады:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жатдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту Министрінің 2022 жылы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асырылады:

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
- 3) тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) даярлық деңгейі;
- 4) оқу мерзімі.

МЖМБС-тің жалпы талаптарын талдау кезінде білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары (МДҰ, ОМ, ТЖКБ) пайдаланылды (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.12.2022 ж. № 486 бұйрығы)

Бастауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сарыбаев: «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымның 1-қосымшасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдаламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымымен таныстырып, 2023-2024 оқу жылында МАД (мектеп алды даярлық) топтары бойынша жүргізілген жұмыстарға талдау жасады. (материалдар қоса тіркелді)

Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары А.Қалжанова «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымның 6-қосымшасы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқубағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау құрылымымен таныстырып, 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарға тоқталып, 3 жылдық жүргізілген жұмыстардың қорытынды есебін берді. (материалдар қоса тіркелді)

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жасалған талдаулардан кейін, шығып сөйлеген педагогикалық кеңес мүшелері айтылған шаралар бойынша тоқтала келіп, өз пікірлерін ортаға салды.

Шығып сөйледі: 1. Математика пәні мұғалімі Б.Серікбаева өз сөзінде: аталған өлшемшарттар негізінде мектепіншілік педагогикалық кадрлық сапасы «үздік» деп бағаланғаны, зияткерлік конкурстар мен өлшемшарттарға қатысу көрсеткіші «жақсы» деп бағаланғандығы, спорттық және шығармашылық конкурс, жарыстарға қатысу нәтижесі «жақсы» деп қорытынды бағалануын және мектептің интернет желісі бойынша «орташа» деп бағаланды ескере келе, мектептің өзін-өзі бағалау бағасы «жақсы» деп бағалауды ұсынылатынын атап өтті.

2. Сонымен бірге осы ұсынысты қолдаған мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі: А.Сейдуллаева оқушылардың зияткерлік және олимпиадаларға, конкурстарға қатысу көрсеткіштерін көтеру бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажеттілігі айтылса, сонымен бірге мектептегі интернетке қосылу жылдамдығын көтеруге де жұмыстар атқару қажеттілігіне тоқталды. Мектептің өзін-өзі бағалауын «жақсы» деп бағалануға қосылатындығын және алдағы уақытта «үздік» деңгейге дейін көтеруге жұмыс жасау үшін ұжым мүшелерін белсенділік танытуға шақырып, өз ұсынысын білдірді.

Күн тәртібіндегі мәселені педагогикалық кеңесте жан-жақсы талдай келе,

Қаулы етті:

1. 5-8 (9), 10 (11) сыныптардың 618 білім алушысы сыныптан сыныпқа көшіріліп, жыл бойында үздік оқыған 173 оқушы мақтау қағазымен марапатталып, марапаттау кітапшасына тіркелсін.
2. Негізгі орта мектепті және жалпы орта мектепті бітіруші түлектердің аттестаттары және үздік оқыған оқушыларға мақтау қағаздары тапсырылып, Негізгі орта мектепті бітіруші 103 оқушы, жалпы орта мектепті бітіруші 43 оқушы мектеп есебінен алынып, алфавиттік кітаптан шығарылсын.
3. Білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу қорытындысына сәйкес, мектеп жұмысы **«жақсы»** деп бағалансын.

№268 мектеп-лицей директоры



Хатшы

М.Абильдаев

Г.Құрымбаева